

ТАЛДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМА

Шымкент қаласының ДСБ ШЖҚ «Жоғары медицина колледжі» МКК «Мейіргер ісі-1» бөлімінің қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау қорытындысы бойынша

17 мамыр 2024 жыл

Шымкент қаласы

ШЖҚ «Жоғары медицина колледжі» МКК «Мейіргер ісі – 1» бөлімінің (бұдан әрі – Бөлім) қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бағыты бойынша жүргізілді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жүргізу кезеңі: 2024 жылғы 17 сәуір - 2024 жылғы 17 мамыр аралығында.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдаудың қамтитын кезең: 2023 жылғы 01 қаңтар – 2024 жылғы 01 сәуір аралығы.

- | | | |
|----------------------------------|---|----------------------------------|
| 1. Құрбанов Ерланқожа Баққожаұлы | – | Комплаенс офицер, топ жетекшісі; |
| Ниятуллаев Нурбол Абуталипович | – | Заңгер-кеңесші, топ хатшысы; |

Жұмыс тобының мүшелері

- | | | |
|---------------------------------------|---|--|
| 2. Абишев Галымжан Мотаевич | – | Колледж директоры; |
| 3. Султанов Мейрбек Алибекович | – | Директордың оқу-ісі жөніндегі орынбасары; |
| 4. Ешова Гулжамила Алпысбаевна | – | Директордың оқу-өндірістік ісі жөніндегі орынбасары; |
| 5. Булдырыкова Айнур Кожаметовна | – | Директордың оқу тәрбие ісі жөніндегі орынбасары; |
| 6. Нурдаулетова Гульмира Тойшибековна | – | Директордың экономика ісі жөніндегі орынбасары; |

- | | | | |
|----|--------------------------------|---|---|
| 7. | Жақсыбек Дәурен
Жақсыбекұлы | – | Мамандар бөлімінің
меңгерушісі; |
| 8. | Поштаева Жанар
Аргинбаевна | – | Бас есепші; |
| 9. | Хамитова Айнур
Жалеловна | – | Оқу үрдісін цифрландыруды
дамыту орталығының
меңгерушісі. |

«Мейіргер ісі-1» бөлімінің қызметкерлері арасында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне бейім лауазымдарды айқындау:

Бөлімде 16 қызметкер жұмыс атқарады, (1 - бөлім меңгерушісі, 14 - оқытушы, 1 - зертханашы) бөлім қызметкерлері тарапынан Колледжге жұмысқа қабылдау барысында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққандары анықталмады. Үміткерлерден Қазақстан Республикасының «Еңбек Кодексі» 26-бап 2 тармақ 2 тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеттің азаматтық қызметке, квазимемлекеттік сектор субъектілеріне жұмысқа тұру кезінде адамның сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы мәлімет талап етіледі.

Мүдделер қақтығысы бойынша:

2024 жылдың 13 мамырында жұмыс тобының мүшелерінің қатысуымен Бөлімнің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде мүдделер қақтығысын анықтау және реттеу мақсатында отырыс өткізілді.

Отырыс қортындысына сәйкес Бөлім қызметінде жаңадан қабылданған қызметкерлер мен тікелей басқарушылық өкілеттіктерге ие басшылар арасында мүдделер қақтығысы туындайтын жағдайлар анықталмады.

Мемлекеттік қызметтер аясында бөлімінің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығын анықтау бойынша:

1. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау;
2. Техникалық және кәсіптік білім туралы құжаттардың тел нұсқаларын беру;
3. Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарындағы білім алушыларға жатақхана беру;
4. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім алуды аяқтамаған адамдарға анықтама беру;
5. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы білім алушыларды ауыстыру және қайта қабылдау;

6. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру ұйымдарындағы тәрбиеленушілер мен білім алушылардың жекелеген санаттағы азаматтарына, сондай-ақ, қорғаншылық (*қамқоршылықтағы*) пен патронаттағы тұлғаларына тегін тамақтандыруды ұсыну;

7. Білім беру ұйымдарында білім алушыларға академиялық демалыс беру. Бөлімде жоғарыда көрсетілген мемлекеттік қызмет түрлерін көрсетпейтіндігі анықталды.

Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлуде жемқорлық тәуекелдерін анықтау бойынша:

Бөлімде бюджет қаражаты, ақылы түрдегі қаражатты игеру және бөлу қызметтерін көрсетпейді.

Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бойынша:

Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу Бөлім құзіретіне кірмейді.

Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану бойынша:

Колледждің «ISEDU.SHMK.KZ» ақпараттық жүйесін пайдалану барысында сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталды.

Бөлімінің оқытушылары мен білім алушылары арасында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бойынша:

1. Колледжде жазғы және қысқы сынақ-емтихан сессиясының қорытындысы бойынша білім алушылары арасында анонимді сауалнама жүргізіледі.

Білім алушылары арасында анонимді сауалнама жүргізілудің басты мақсаты сенімділік деңгейін арттыру.

Қысқы сынақ-емтихан сессиясының қорытындысы бойынша білім алушылар арасында сауалнама жүргізіліп, келесі жемқорлық тәуекелдері бар екендігі анықталды.










«Оқу процесінде сыбайлас жемқорлық фактілері қандай жағдайларда жиі кездеседі» деген сауалнамада бөлімнің білім алушылары дәлелсіз себептермен сабақ өткізіп алған жағдайда және жатақханаға орналасу кезінде жемқорлық тәуекелдері бар екендігін атап көрсетті.

2. Колледждің «ISEDU» ақпараттық жүйесіне талдау жүргізу барысында 2023-2025 жылдарға бекітілген ішкі еңбек және оқу тәртібінің ережесінің талаптары дұрыс орындалмағаны анықталы. Осы аталған ереженің 10-тараудың 10.16 - тармақшасы мен 15 - тараудың 15.4 - тармақшаның талаптарын орындау барысында бөлім меңгерушілері тарапынан білім алушылардың сабақта

болмаған, жіберіп алған сағаттарын өтеу бойынша рұқсат беру функциясында жемқорлық тауекелдері бар екені анықталды.

Атап айтқанда: Бөлімнің жалпы білім алушылар саны - 412

2024 жылғы сәуір айында 194-білім алушы сабақ жіберіп алған, оның себепті 15-анықтамасы бар, 3-себепті өтініші бар 176-себепсіз.

Г. Абишев 
М. Султанов 
Г. Ешова 
А. Булдырыкова 
Г. Нурдаулетова 
Д. Жаксыбек 
Ж. Поштаева 
А. Хамитова 
Е. Құрбанов 
Н. Ниятуллаев 